

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОНСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒӘМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Бүлекбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВОЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

ҚАРҚАРАЛЫ ӨНІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ

Орталық Қазақстан, оның ішінде Қарқаралы өңірі табиғи байлығымен ғана емес тарихи-мәдени ескерткіштерімен де бай өлке. Бұл өңірді адам баласы палеолит дәуірінен бастап мекендесе, қола, ежелгі темір дәуірлерде халықтың тығыз орналасқан орталықтарының бірі болды, оған дәлел бізге дейін бұзылмай келіп жеткен жүздеген ескерткіштері.

Табиғатынан түсті және қара металлдарға бай өлке, қола дәуірінен бастап мыс, қалайы металлдарын балқытқан орталықтардың бірі болса, ежелгі темір дәуірінде қоланы балқыту, кюю, әшекей бұйымдар жасау индустриясын әрі қарай жетілдірумен қатар, темірді балқыту, одан қару-жарақтар, еңбек құралдарын жасау жолын толық игеріп, металдың қымбат түрлері – алтыннан, күмістен аң стиліндегі әшекей бұйымдарды игерудің шыңына жетті.

Қарқаралы өңірінде тас дәуірінің ескерткіштерін зерттеп Орталық Қазақстанның басқа аудандарына қарағанда кештеу басталды. Егер 1960 жылдан бастап Сарысу бойында палеолит, мезолит, неолит дәуірлерінің ескерткіштерін А.Г. Медоев, М.Н. Клапчук аша бастаса, кейіннен Нұра, Атасу өзендері бойынан, Балхаш көлінің оңтүстігінен Ж.К.Таймағамбетов, В.С. Волощин, Б.Ж. Аубекеров т.б. көптеген тас дәуірінің тұрақтарын зерттеді, оларға: Батпақ, Қарабас, Ангресор, Жошанайбай, Ақайдар, Обалысай, Мүзбел, Оғызтау, Мыранық, Ақмая, Шыңғыс, Семізбұғы жатады. [1] Жоспарлы түрде Қарқаралы ауданындағы тас дәуірінің ескерткіштері 1980 ж. бастап Қарағанды Мемлекеттік университетінің ғалымдарының басшылығымен зерттеле бастады, оның ішінде тас дәуірінің маманы А.Ю.Чиндин мезолит және энеолит дәуірлерінің ескерткіштері Домалақ тас, Акимбек, Нарбас, Крещеновка, Гренада тұрақтарына қазба жұмысын жүргізді.

Неолит дәуірінің Жарлы тұрағы, Нүркен ауылынан солтүстікке қарай 6 км. Жарлы өзенінің бойында жатыр. Бұл тұрақтан көптеген шақпақ тастардан еңбек құралдарын ішінде садақтың жебелері және қырғыштар шықты. Иманқұм тұрағы да осы Жарлы өзенінің бойында, бұл жерден 20-астам шақпақ тас құралдар табылды, оның ішінде диски тәріздес нуклеус, тас балта, қырғыштар т.б. еңбек құралдары бар. Ақбай-Қызылбай тұрағы Аштас ауылдың солтүстік-шығысында жатыр, бұл тұрақтан 10-экземпляр шақпақ тастан жасалған еңбек құралы табылды. Қасым Аманжолов ауылының солтүстік-шығыс бөлігінен Ақжайлау (Қасым) тұрағы зерттелді, бұл тұрақтан да 10-экземплярдан астам шақпақ тас еңбек құралдары шықты. Кент тұрағы Кент ауылынан шығысқа қарай 1 км. жерде, Қызылкеніші өзенінің жағасында қола дәуірінің Әкімбек қонысының арасында жатыр. Зерттеу нәтижесінде шақпақ тастан жасалған 7-экземпляр еңбек құралдары табылды. Жалпы Қарқаралы өңірінің шақпақ тастан жасалған еңбек құралдары палеолит дәуірінің мустье кезеңінен бастау алып, неолит, энеолит дәуірлерінің ескерткіштерімен аяқталады.

Қарқаралының қола дәуірі ескерткіштері XX-ғасырдың бірінші жарты-сынан бастап зерттеле бастады. Алғашқы қазба жұмысын Қарағанды облыстық өлкетану мұражайының басшысы Л.Ф.Семенов бастаған болатын, ол Кент ауылының маңындағы қола дәуірінің Еңбек сүйгіш зиратынан алты қорғанды қазды.

Осы қорғандардан табылған заттарды және Қарқаралы маңындағы ежелгі ескерткіштерден шыққан қоладан, тастан, сүйектен жасалған еңбек құралдарын жинақтаған Қарқаралы өлкетану музейінің қызметкері В.Е.Ясенецкая болатын.

XX-ғасырдың 50 – 70 жылдары Қазақ ССР ғылым академиясының Ә.Марғұлан бастаған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы қола дәуірінің Қарқаралы қаласы маңындағы Қарқаралы, Суықбұлақ қоныстарын қазып, б.ғ. дейінгі XII – X-ғасырларға жататындығын анықтады [2].

Қарқаралы маңындағы қола дәуірінің Қарқаралы қонысын Ә.Марғұлан 1955 ж. көріп, жобасын қағаз бетіне түсірген болатын, ал қазба жұмысы 1962 ж. басталып үш үйдің орны зерттелді. Суықбұлақ қонысы да 1962 ж. қазылды. Қоныс Қарқаралы қаласынан 2 – 2,5 км. жерде Суықбұлақ өзенінің бойында жатыр. Суықбұлақ қонысының үйлері өзеннің бойына ұзыннан орналасып, бір шеті тау беткейіне дейін созылып жатыр. Орман шаруашылығының тоғайдың шетін өрттен сақтау үшін жыртатындығынан қоныстың мәдени қабаттары бүлінген, тек бүлінбеген екі үйдің орны ғана зерттерлді. Үйлердің арасынан металл балқытқан пештің қалдығы табылды, көлемі 1,30x1,25 м, тереңдігі 18-20 см. Пештің қабырғалары тастан қалаған, іші ағаш көмірдің күліне толы. Пештің жан-жағында, қоныстың мәдени қабаттарында темір рудасының, оның балқыған шлактарының қалдықтары, тастан

жасалған еңбек құралдары жиі кездеседі. Қоныстан шыққан қыш ыдыстарының өрнектеріне, үйлердің конструкциясына қарап Ә.Марғұлан Суықбұлақ қонысын қола дәуірінің Беғазы – Дөңдібай кезеңіне жатқызады.

XX – ғасырдың 80 жылдарынан бастап Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік университетінің В.В.Евдокимов бастаған ғалымдары қазба жұмысын жүргізді. [3]

Солардың ішінде қола дәуірінің алғашқы кезеңіне жататын ескерткіштің бірі Нұртай зираты, ол Қарқаралы ауданының Талды темір жол станциясынан солтүстік батысқа қарай 5 км. қашықтықта жатыр. Талды өзенінің сол жағындағы тегістікте 22 қорғанның қалдығы табылып, соның 16 – қазылды.

Қорғандардың диаметрі 10 – 16 м, биіктігі 0,3 – 0,7 м. жан-жағын үлкен қалақ тастармен қоршаған. Адамдарды бүктетіліп тас жәшіктердің ішіне жерлеген, бас жағынан 1-3 қыш ыдыстар кездеседі, одан басқа қола пышақтар, садақтың ұштары, біз, қоладан жасалған әшекей бұйымдардан браслеттер, алқалар, моншақтар сүйектен жасалған заттардан ұршықтың бастары, тістен жасалған моншақтар, асықтар кездеседі.

Екінші сол кезеңнің ескерткішіне Сайтан Зираты жалғады, ол Қарқаралы ауданындағы Қасым Аманжолов ауылынан Солтүстік батысқа қарай 5 км. қашықтықта жатыр. Ескерткіш Талды өзенінің жағасында ұзынынан тізіле орналасқан, жалпы саны 16. Қазба жұмысы 6 – қорғанға ғана жүргізілді, қорғандардың диаметрі 8 – 13 м. биіктіктері 0,6 – 1,15 м. жан-жағы қалақ тастармен қоршалған. Қазба жұмысы кезінде қорғанның астынан көлемі 3,8х3,9х2,0 м. тереңдігі 1 – 1,37 м. жерлеу алаңдары шықты.

Жерлеу алаңының ішіндегі адамның қасында қыш ыдыстармен, қола әшекей бұйымдармен қатар ағаштан жасалған арбаның қалдығы шықты. Арбаның тертесімен қосқандағы ұзындығы 270-300 см., қалқанының көлемі 120х90 см.; арбаның жерден биіктігі 50-55 см. Бұл Қазақстан территориясында сирек кездесетін заттай дерек, ғалымдардың болжауынша б.ғ. дейінгі XVII-XVI ғасырларға жатады.

Қарқаралы өңірінде қола дәуірінің орта кезеңіне дейін жататын ескерткіштеріне Нүркен, Қопа, Қопа 1, Алуы-өзек, Еңбек сүйгіш, Бозінген зираттары жатады. 1980 жылы Ащы өзен зиратын В. Евдокимов қазған болатын, ескерткіш Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов ауылынан 11 км. солтүстік батысына қарай Талды өзенінің сол жағында жатыр. Жер бетінде көрініп жатқан 13 қорғанның орны қазылды. Қорғандардың диаметрлері 10-12 см., биіктігі 0,25 м. жан-жағын тігінен қойылған қалаң тастармен қоршаған.

Қорғандардың көбі ерте заманда тоналған, дегенмен қоладан жасалған аттың тағалары, қола моншақтар, сүйек садақтың оқтарының ұштары, көптеген қыш ыдыстар шықты.

Қарқаралы ауданының Н. Әбдіров ауылынан солтүстікке қарай 4 км. жердегі Қопа зиратын В. Евдокимов 1980-1982 жж. қаз. Қола дәуірінің зираты Қопа жарлы өзеніне жақын орналасқандықтан бір шетінен су шайа бастаған, дегенмен 5 жас қоршау, 25 зираттың орны қазылды. Адамдар тас жәшіктердің ішіне бүктетіле жерленген, жерлеу алаңында қыш ыдыстармен қатар қоладан жасалған әшекей бұйымдар: браслет, тоғалар, сақиналар, сүйектен жасалған моншақтар, садақтың оғының ұштары т.б. заттар кездеседі.

Қарқаралының Нүркен ауылы шетіндегі Нүркен зиратынан 21 қоршау зират қазылып зерттелді. Қола дәуіріне тән Нүркен зиратының жерлеу камерасы тас жәшіктерден тұрғызылған, қалау тастарды қырынан қойып төрт бұрышты құрылыс салған, көлемі 1,4-2,31х0,43-0,92 м. Тас жәшіктің ішіне басын батысқа қарай бүктетіліп жерленген адамның қасында қоладан жасалған моншақтар, сырғалар, сақиналар, және қыш ыдыстар қойылған.

Еңбек сүйгіш зираты Қарқаралы ауданының Кент ауылының шетінде Байшұра өзенінің жағасында жатыр. Көлемі 5 га. жерде қола дәуірінің ежелгі темір ғасырының және ортағасырдың қорғандары кездеседі. Осы зираттардан қола дәуірінің 8 – қорғаны қазылды. Қорғанның сыртын тігінен қойылған тас плиталармен қоршаған көлемі 2,25 - 4,75 – 1,5х3,8 м. Ортасында тас жәшік, ішінде бүктетіле жерленген адамның мүрдесі, бас жағында сырты геометриялық өрнек салынған қыш ыдыстар, қоладан, сүйектен және тастан жасалған еңбек құралдары, әшекей бұйымдар.

Бозінген Зираты Қарқаралы ауданының Талды станциясынан 7 км. Талды өзенінің бойында жатыр. Өзен бойын жағалай жерленген зират екі топқа бөлінеді, біріншісінде 13 қорған, екіншісінде 14 қорған, екеуінің бірінен-бірінің ара қашықтығы 120 м. екі топтан 8 – қорған қазылды.

Адамдар тас жәшікте бастарын солтүстікке қарайла бүктетіліп жерлеген. Тас жәшіктің сыртын тігінен қойылған қалау тастармен қоршап, үстінен топырақ үйген, қоршау көлемі 3,4 – 5,7 м. әр қоршаудың ішінде 5 – 6 адамның қаңқасы жатыр, олардың ішінде ересектер де, балалар да кездеседі.

Қола дәуірінің орта кезеңінің ескерткішіне Қарқаралы өңіріндегі Әкімбек Зираты мен қонысы және Тамырбай Зираты жатады. Үш ескерткіште Қарағанды Мемлекеттік университетінің

ғалымдарының күшімен зерттелген. Әкімбек қонысы Кент ауылынан бір шақырым жерде өзеннің бойында жатыр. 1995 – 1996 жылдары осы қоныстың 585 кв.м. бөлігі қазылды. Қазба жұмысы кезінде екі үйдің орны шықты және қола дәуірінің мәдени қабатынан төмен мезолит кезеңінің шеберханасының орны, тас құралдары табылды, зерттеуші ғалымдар В.Евдокимов пен В.Чиндинің айтуларына мезолит дәуірінің мәдени қабаты б.ғ. дейінгі 12 – 7 мыңжылдықтарға жатады.

Тасырбай Зираты Кент ауылынан Шығысқа қарай 10 км. жерде Баймұра өзенінің бойында жатыр. Бұл зираттан қола дәуірінің 5 – қоршауы қазылды. Адамдарды жерлеген тас жәшіктердің көлемі 1,75 – 1,85x0,7 – 1,1 м. тереңдігі 0,5 – 0,9 м. төбесін үлкен қалақ таспен жапқан. Қорған ерте заманда тоналған, адамдардың сүйектері шашылып жатыр, қыш ыдыстар да сынған түрінде кездеседі.

Қола дәуірінің Беғазы - дөңдібай кезеңінің ескерткіштері 1933 жылы М.П.Грязновтың басшылығымен зерттеле бастады. Алғашқы ескерткіш Дөңдібай қорғаны, ол Қарағандыдан оңтүстік – батысқа қарай 60 км. қашықтықта Шерубай-Нұра өзенінің жиегінде жатыр. М.П.Грязнов 11 қорғанды қазып, оның асқан шеберлікпен, үлкен қалау тастардан салынғандығын құрылыстың қола дәуірінің ескерткіштерінен өзгешелігін жазып кетті. Кейіннен 60 ж. басында Шерубай – Нұрадан Топар су қоймасын салуға байланысты Дөңдібай ескерткіш судың астында қалды.

1947 жылы Әлкей Марғұланның басшылығымен Қарқаралы тауының жалғасы Беғазыда осы кезеңнің ескерткіштері зерттеліп, Беғазы – Дөңдібай мәдениеті деген атаққа ие болды.

XX – ғасырдың 60 жылдары Ә.Марғұлан өлкетанушы Л.Ф.Семеновпен бірге Суықбұлақ, Қарқаралы 1 – 2, қоныстарын, Еңбексүйгіш, Нарбас Зираттарын зерттеді.

80 – жылдары Қарағанды Мемлекеттік университеті ғалымдарының басшылығымен Қараағаш, Еңбексүйгіш, Донғал, Дермен, Қоштан Зираттары, Қопа, Әкімбек, Донғал, Домалақтас қоныстары қазылды. [4]

Шағын ғана Қызылкент шатқалында Беғазы – Дөңдібай кезеңінің 12 ескерткіші белгілі. Оның ішінде көп жылдардан бері зерттеліп келе жатқандары Кент қонысы 30 га. жерді алып жатыр. Оның жартысынан астамы Қызыл кент өзенінің оң жағына орналасқан, осы алаңда 100-ден астам үйдің орны жатыр. Ғалымдардың болжауынша Кент қонысының өзінде 1500 адам тұрған.

Негізгі кәсібі мал шаруашылығы мен егіншілік, сонымен қатар сүйектен, тастан еңбек құралдарын, әшекей бұйымдар жасайтын шеберлердің де шеберханаларының орындары кездеседі.

Кент қонысының ішіндегі үйлердің арасында, өзенге жақын жерлерде үлкен тас қоршаулар кездеседі, осындай қоршаулар саны үшеу, біріншісінің көлемі 60x48 м, екіншісінікі – 58-20 м, үшіншісінің тастары әр жерлерінде ғана сақталған. Қазіргі сақталған биіктігі 0,5-0,9 м, ал кезінде қандай биіктікте болғандығы белгісіз, себебі бұл ескерткіштің тастарын жергілікті тұрғындар құрылысқа тасып алып кеткен.

Мал шаруашылығы ішінде табылған сүйектерді зерттеу нәтижесінде 48,8% қой-ешкінің үлесіне тиеді, 26,5% сүйек сиырдыкі, ал 21,2% жылқының сүйектеріне тиесілі. Егін шаруашылығының болғандығын дәлелдейтін еңбек құралдардан қола орақтың, пышақтың және тастан жасалған түрлендердің ұштары, диірмендер, келі-келсаптар, үккіштер, т.б. еңбек құралдары.

Алат қонысы Қарағандыдан оңтүстік-шығысқа қарай 250 км қашықта Кент тауының ішіндегі Қызылкеніш шатқалында, Қызылкеніш өзенінің сол жақ жарқабағында орналасқан. Қоныс Кент тауы мен өзеннің арасындағы 20-70 м алаңда орналасқандықтан, үйлері бір шақырым жерге дейін соғылып жатты. Сырт қарағанда диаметрі 10 м. асатын қатар-қатар орналасқан үйлердің орындары үш топқа бөлінген, әрбір топтағы үйлердің ара қашықтығы 150-200 м. Соңғы он жыл ішінде осы топтың Алат 2 және Алат 3 тобындағы үйлердің орындары қазылды. Алғашқы қазба жұмысы 1991 ж. болғанымен 2004 ж. дейін жұмыс тоқтап тұрып, тек осы жылы ғана В.Евдокимов және С. Жауымбаевтың басшылығымен басталып қазба жұмысы он жылдан бері үзбестен жүргізілуде. [5]

Қазба жұмысының нәтижесінде Алат қонысы негізінен металлургтер қонысы екендігін анықталды. Мәдени қабаттың қалыңдығы 1-1,2 м, және екі мәдени қабаттан тұрады, төменгі мәдени қабатында мысты қорытқан пештердің орындары, мыс рудалар, қоладан, сүйектен жасалған еңбек құралдары шығуда, ал жоғарғы мәдени қабаттан темірді балқытқан күрделі пештер, рудалар, қола заттар табылуда, бір айта кететін мәселе екі мәдени қабаттан да шығып жатқан қыш ыдыстардың сынықтары б.ғ.дейінгі XIII-IX ғасырларға жатады, яғни Беғазы-Дөңдібай кезеңіне сәйкес келеді.

XX ғасырдың 80-жылдардың аяғынан бастап Ә. Марғұлан атындағы археология институтының А. Бейсенов басқарған Сарыарқа археологиялық экспедициясы Қарқаралы өңіріндегі ежелгі темір

дәуірінің ескерткіштерін зерттеуде. 2000-2002 жылдары темір дәуіріне жататын Нүркен-2 қорғаны қарылса, 2004 жылдан бастап ежелгі темір дәуірінің қоныстарына зерттеу жүргізілуде.

Нүркен-2 қорғаны Нүркен ауылынан оңтүстікке қарай 10 км жерде, Қарқаралы-Бейбітшілік автожолының бойында жатыр. Ең үлкен қорғанның диаметрі 41 м, биіктігі 4,3 м. Қорғанның тастан, балшықтан тұрғызылған үйіндісінің астында көлемі 242,2 м жерлеу камерасы шықты. Жерлеу камерасына кіретін 15 м дәліз-домыс бар, ені 0,7-1 м, көлемі 0,9-1 м үлкен қолаң тастардың тігінен қойылған тізбегінен жасалған. Жерлеу алаңынан екі адамның сүйегі кездеседі, шамамен 40-50 жастарда. Қорған бірнеше рет толанған, қалған заттардан қоладан жасалған тоға, тас түрмен, ежелгі темір дәуіріне тән қыш ыдыстардың сынықтары шықты. Қоладан жасалған тоғаның бетінде аттың үстінде, басында шошақ бөркі бар сақ жауынгері бейнеленген.

2001 жылдан бастап А. Бейсеновтың басшылығымен ежелгі темір дәуірінің қоныстары зерттеле бастады. Қазіргі кезде Қарқаралы өңірінің өзінде 30-дан астам ежелгі темір дәуірінің қоныстары бар, солардың бірі Сарыбұйрат қонысы, көлемі 10 мың кв. м алаңды алып жатыр. Қоныс шағын үйлерден және жан-жағында шаруашылық алаңдарынан тұрады. Үйлердің қабырғалары биіктігі 0,5-1 м тастардан қаланған.

Керегетас және Едрей қоныстарына да шағын қазба жұмыстары жүргізілді. Мысалы Едрей қонысының 170 кв. м ауданы қазылса, керегетас қонысының 256 кв. м көлемдегі мәдени қабаты қазылды. Қоныстардан негізінен қыш ыдыстардың сынықтары, жер жартатын тас соқаның ұштары, диірмен, дән үккіштер, тас балғалар табылды.

Қола дәуірінен бастап, ғұн ескерткіштері шоғырланған Талды – 2 қорымының орта тұсын сақ заманының 7 үлкен қорғаны алып жатыр. Диаметрі 30-35 м. биіктігі 2-3,5 м. 7 қорғанның алтауы жерлеу орындары, ал жетінші қорған, сол ортаның ас беріп, діни рәсім өткізетін ғұрыптың құрылысы.

Зерттеу жұмыстары барысында №5 қорғанда 30-35 жастағы ер адамның жерлегені, бірі еркек, екіншісі әйел адам, жастары 50-55 шамасында.

Талды – 2 қорымының қорғандарынан алтынна құйылған 200 жуық бұйыммен 22000 астам ұсақ әшекей табылды. Аң стилімен құйып жасалған бұйымдар кісе белдіктерге, портупей қайыстарға, киімдерге тігіп жапсырылған, ал мыңдаған ұсақ түйіршік алтындар шалбардың балақтарымен камзолдың өңірлеріне тігінен жапсырылған.

Қорыта келгенде, Қарағанды облысындағы Қарқаралы ауданының көлемінде тас дәуірінен бастап XX ғасырдың басында қазақтардың қыстауларына дейінгі аралықтағы ескерткіштер бірнеше жүзден саналады. Табиғаты көркем, суы, нуы мол өлкеде адам баласы ежелгі заманнан үңгірлерді паналап, көптеген бұлақтарға келген аңдармен, құстармен және тау етегіндегі жеміс ағаштарымен қоректеніп, тау жыныстары ағаштармен қоректеніп, тау жыныстары шақпақ тастарды, обсидиенды (вулкан кезінде пайда болған қара тас) пайдаланып палеолит, мезолит, неолит дәуірлерін осы өңірде өткізген.

Қола дәуірінде Қарқаралының тауы ішінде, жан-жағында мыс кенінің тотыққан, яғни жер бетіне жауын түрінің молдығына байланысты мыс, қалайы, т.б. металлдарды балқытатын арнайы қоныстар пайда болды. Оған дәлел отыны, суы мол Алат, Сарыбұлақ, Қарқаралы қоныстары. Қарқаралы өңірі ежелгі темір дәуірінде де темір рудасын балқытқан орталықтардың бірі болды. Алат, Суықбұлақ қоныстарынан табылған күрделі темір рудасын балқытатын пештердің табылуы Кентөбе, Ойлысай сияқты тотыққан темір кендерінің жақын болуы б.ғ. дейінгі XIII-IX ғасырлардың өзінде темірді игергендікті білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Таймағамбетов Ж.К. Палеолитические памятники Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1989 г.
2. Маргулан А.Х. Бегазы – дандыбаевская культура Центрального Казахстана. Алма-Ата, 1979 г. с.215-225.
3. Евдокимов В.В. Историческая среда эпохи бронзы степей Центрального и Северного Казахстана. Алматы, 2000 г.
4. Варфоломеев В.В. Кент и его округа. // Степная цивилизация Восточной Евразии. Т. 1. Астана, 2003 г.
5. Жауымбаев С.У. Евдокимов В.В. Бейсенов А.З. Работа на могильнике Нуркен – 2. // В сборнике: Историко – культурное наследие Сары-арки. Караганда, 2007 г. с.173-199